Кентау қаласының әкімі
ӨКІМ

№ 05 «07» 01 2026 жыл

Көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 – бабы 3 - тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1) тармақшасы бойынша: Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы баптың 2 және 3 – тармақтарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

25) тармақтар бойынша: Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

28) тармақшасы бойынша: Біртекті тауарлардың жылдық көлемі құндық мәнде айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен, ал біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер — айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алуға жол беріледі есептік көрсеткіш. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін-біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда.

38) тармақшасы бойынша: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актіде айқындалған тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды жалға алу қызметтерін.

Осы өкімнің орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Б.Жорабеков жүктелсін.

Қала әкімі **Ж.Тасов**

Көшірмесі дұрыс